ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 06 қазан №5265-23-00-2/2302 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Д.М.Конысбаеваның төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шымкент қаласының білім басқарамасының «№130 жалпы орта білім беретін мектебі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
дара кәсіпкер «Мамешова» Мамешова Маржанкуль Досановна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2.тұрақсыздықты өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Шымкент қаласының білім басқарамасының «№130 жалпы орта білім беретін мектебі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы –қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Мамешова» - Мамешова Маржанкуль Досановна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Мамешова» Мамешова Маржанкуль Досановнадан талап қоюшының пайдасына 3408 (үш мың төрт жүз сегіз) теңге тұрақсыздық төлемі, 1 828 (бір мың сегіз жүз жиырма сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 06.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 20.11.2023, судья Конысбаева Д. М., 23.11.2023
5265-23-3-1/2562

(жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы келтіруі мүмкін.

Судья Д.М.Конысбаева

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 06.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 20.11.2023, судья Конысбаева Д. М., 23.11.2023
5265-23-3-1/2562